

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Қызылорда қаласы

Өтілген орын: №280 негізгі мектеп

Қатысқандар:

Сынып: 1-9

Сынып жетекшілері: 1-9

Ата-аналар

Әлеуметтік педагог

Күн тәртібіне қаралған мәселе:

1. I тоқсан қорытындысы. /Сынып жетекші/
2. Сыныптағы оқушылардың үлгерімі, үздік және екпінді оқушыларды атап өту.
3. Қиыншылықтан оқудағы ата –ананың міндеттерін түсіндіру

Тыңдалыс:

Ата-аналар жиналысы дистанционды түрде «ZOOM» платформасы арқылы өтті. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша сынып жетекшісі ата-аналарға I-тоқсанның қорытындысын айтып өтті. Қалыптауына төмен, оқу шапшаңдығы төмен оқушыларды ата-аналарына балалары сабақтап тыс уақытта сабақтарын қадағалау тапсырылды.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша сынып жетекшісі: Сынып жетекшісі ата-аналарға оқушылардың үлгерімі туралы айтты.

«Қиыншылықтан оқудағы ата –ананың міндеттерін түсіндіру» бойынша сынып жетекшісі таныстырып өтті, осыған байланысты арнайы дайындалған жадынамамен таныстырып, ата-аналардың пікірін тыңдап, ой бөлісті.

Шешім:

1. I-тоқсан қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылды.
2. Ата-аналардан қиыншылықтан оқытудың қол жетімділігі және оның қалай, қандай форматта жүріп жатқанын, баланың білім алуына өз үлестерін қосуда екенін айтып кетті.

Әлеуметтік педагог

Хатшы

А. Тасқара

Ә.Серікбаевна

Әлеуметтік педагогтың жылдық есебі

Жұмыс объектісі - оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары.

Оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілген жұмыстарға тоқталатын болсақ:

Мектептің әлеуметтік толқұжаты бойынша 2021-2022 оқу жылында №280 негізгі мектебінде:

Жалпы оқушы саны - 401

Көп балалы отбасы саны - 157

Аз қамтылған отбасындағы бала саны - 215

Ажыраған отбасындағы бала саны - 36, әкесімен тұратыны - 4, анасымен тұратыны - 32

Қамқоршылықтағы бала саны - 1

Тегін тамақ ішетін балалар саны - 159

Әлеуметтік педагогтың жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру.

Оқу жылының басында барлық сыныптардың әлеуметтік толқұжаты жасалынып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді. Тамыз-қыркүйек айында оқушылардың құжаттары тексеріліп, аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар саны, көп балалы отбасының балалары анықталып, әлеуметтік құжаттары толтырылды.

Жалпы әлеуметтік педагогтың жұмысы 5 категория бойынша ұйымдастырылады:

1-санат. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары

2-санат. Жанбасына шаққандағы кіріс көзінен аспайтын отбасы балалары (нақтылап айтсақ көп балалы, жалғызбасты, жартылай жетім, тұрмысы төмен отбасы)

3-санат. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар

4-санат. Төтенше жағдайлардың нәтижесінде шұғыл көмекті қажет ететін отбасынан шыққан балалар

5-санат. Мектеп тарапынан анықталған көмекті қажет ететін басқа да балалар.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 бұйрығына қосымша «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен

тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтарды ұсыну» мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартын басшылыққа алып, аталған

бұйрықтың 9 тармағында көрсетілген құжаттар көп балалы отбасынан шыққан

балаларға, аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға, қамқорлыққа алынған

балаларға жинақталды. Әлеуметтік педагогтың құжаттар номенклатурасы қайта

қаралып реттелді. Ата-аналарға құжаттардың жетпеген түрлерін қайта жинақтау үшін құжаттар тізімі берілді.

Қазіргі кезде мектебімізде көп балалы және аз қамтылған отбасылардан құжат бойынша 157 оқушы білім алуда. Олардың ата-анасынан айырылған,

корғаншылықтағы және қамқоршылықтағы балалар саны – 1 оқушы, толық емес отбасы саны – 4

2021-2022 жаңа оқу жылында тегін ыстық тамақ беруді жеке кәсіпкер «Ақылбек Жанатаев» қолға алған болатын. Жалпы оқу жылының басында аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан және қамқоршылықтағы балаларды қосқанда 138 оқушыны қамтып отырды. Ал қазір оның саны артып, 157 ге көбейіп отыр. 2021-2022 жылғы атаулы әлеуметтік көмек алатын және тұрмысы төмен аз қамтылған отбасы балаларына берілетін ыстық тамақтың төрт апталық ас мәзірі бекітілді.

Оқушылардың тамақ ішу кестесі асхана тақтасында ілінген. Оқушылар сол кесте бойынша тамақтануға уақытында келіп, тамақтанып жүр. Мен әрдайым тамақ ішу кезінде асханада, өз бақылауымда ұстап отырамын.

Атқарылған жұмыстар:

- Мектептің әлеуметтік картасын жинақтап, мектеп паспорты құрылды
- Кеңес беру және тіркеу журналдары, әлеуметтік топтағы оқушылардың сабақтарына қатысу дәптерлері арналды.
- 2021-2022 оқу жылы бойынша атаулы әлеуметтік көмек алатын 66 оқушыға мектеп-формасы және аяқ киім таратылды
- 101 аз қамтылған және көп балалы отбасының балалары қыстық киіммен қамтылды
- Қазіргі таңда 157 бала ыстық тамақпен қамтылып отыр. Балаға берілетін бір күндік тамақтың бағасы бала басына - 446,43т
- 2021-2022 жылғы атаулы әлеуметтік көмек алатын және тұрмысы төмен аз қамтылған отбасы балаларына берілетін ыстық тамақтың төрт апталық ас мәзірі бекітілді;
- Ыстық тамақпен қамтылып отырған балалардың тізімі белгіленіп ай сайын табель жасалып жатыр
- Қалалық білім бөліміне атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан балалар жол ақымен қамтылып, тізім ай сайын жіберіліп отыр

Ұсыныстар:

- Ай сайын ата-аналарыңызға атаулы әлеуметтік көмек алу тағайындалған жағдайда құжатын мектепке әкеліп өткізуін талап етсеңіздер;
- Әр тоқсан сайын әлеуметтік картаны жағартып откізіп отырсаңыздар;
- Оқушыларды ыстық тамаққа шақырған бойда жіберсеңіздер.

Әлеуметтік педагог



Суйанбек Асем